

Диалистік революциясының 35 жылдығы жасасын!

ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

І ТУЫ

НІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

*Лениннің туы астында, Сталиннің
басшылығымен коммунизмнің жеңісіне
қарай алға баса берейік!*



Бүгін —Ұлы Октябрь социалистік революциясының XXXV жылдығы. Бұл күл —барлық елдердегі еңбекшілердің халықаралық мерекесі. Бұл мерекені қаһарман совет халқы, сонымен бірге, дүниежүзінің еңбекшілері, бүкіл прогресшіл адамзат аса зор құанышпен мейрамайды.

Октябрь мерекесін совет халқымен бірге, халықтық демократия елдерінің және бүкіл дүниежүзі еңбекшілерінің мейрамауының себебі сол— оның дүние жүзілік орасан зор маңызы бар. Октябрь революциясының жеңуі арқасында бұрынғы патшалық Россияның көп ұлтты езілген халықтары дүниежүзілік империализмнің бұғауын бірінші болып үзіп, елімізде социализм орнатты, бүкіл адамзатқа социалистік жолмен өркендеп, дамудың жолын көрсетті.

«Октябрь революциясының жеңуі, — деді Сталин жолдас,— адам баласының тарихында негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүниежүзілік капитализмнің тарихи тәрділерінде негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүниежүзілік пролетариаттың азаттық қозғалысында негізгі өзгеріс жасалғандығын, бүкіл дүниежүзідегі қаналушы бұқараның күрес әдістерінде, ұйым түрлерінде, тұрмыстары мен дәстүрлерінде, мәдениеті мен идеологиясында негізгі өзгеріс жасалғандығын көрсетеді».

Міне, Октябрь революциясының интернационалдық және дүниежүзілік сипатты революция болуының негізі де осында. Бұл революцияның жеңісі, Совет Одағында социализмнің салтанат құруы, совет халқының социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолындағы тарихи ұлы табыстары бүкіл дүниежүзідегі еңбекшілерге үлгі-өнеге болып отыр. Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың дамуына зор әсерін тигізді және тигізіп те отыр.

Октябрьдің 35 жылдығын мерекелеу қарсаңында бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған адамдардың назары Совет Одағына, партиямыздың XIX съезінің мәжілісі өткізілген және мінбесінен Сталин жолдасының тарихи сөзі естілген Москва Кремліне аударылуда. Соғыстан кейінгі жылдар ішінде бірде-бір оқийға қалың бұқа-

ранның сана-сезіміне Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезіндегі күшті әсер еткен жоқ. Партиямыздың XIX съезі ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдасының даналық басшылығына, оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегіне сүйене отырып, совет халқының коммунизмге жету жолында жаңа табыстарға жете беруінің нақтылы программасын белгілеп берді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы совет халқына жеңілмейтін күш берді. Бұл қуатты күш Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл дүние жүзі алдында айқын көрінді, совет халқы Октябрьдің жеңістерін сақтап қалды, Отанымыздың тәуелсіздігін, даңқы мен бостандығын қорғап қалды. Сонымен бірге, Орталық және Оңтүстік -Шығыс Европа елдерінің бірқатарын фашизмнің империалистік бұғауынан азат етті. Оларда халықтық демократиялық құрылыс орнап, халықтық демократия елдері социализм жолымен өркендеп, дамуда. Мұның өзі империалистік елдердің күшінің мейлінше осалдауына әкеліп соқты.

Соғыстан кейінгі жылдар капиталистік системаның онан сайын әлсіреген, ал, демократия мен социализм елдерінің күшеюуінің онан сайын өсіп дамыған жылдары болып отыр.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығын совет халқы шаруашылық және мәдениет құрылысымызда зор табыстарға жету үстінде, бейбітшілік жағдайда қарсы алды.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен және Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзімен, оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегімен қаруланған совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде қолдары жеткен табыстарын баянды ете отырып, бұдан былай да жаңа табыстарға жете беру үшін аялбай күресуде.

Совет адамдары съезд қарарлары мен Сталин жолдасының тарихи сөзін және оның данышпандық еңбегін оқып үйрене

отырып, партия мен үкметіміздің көрсетіп отырған орасан зор қамқорлығына жауап беру үшін көтеріңкі міндеттемелер алып, ол міндеттемелерін аброймен орындауда. Ұлан-байтақ еліміздің еңбекшілері бүгінгі ұлы мерекеге өздерінің лайықты тартуларымен келіп отыр.

Бүкіл совет халқымен бірге, облысымыздың еңбекшілері де ұлы мерекеге айтарлықтай табыстармен келді. Облыс еңбекшілері бұдан былайда жаңа жеңістерге жете береді.

Өткен 35 жыл ішінде совет халқының қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Бұл табыстар оны жігерлендіріп, коммунизм құрылысы жолындағы күреске онан сайын жұмылдыра түседі. Кәзір әрбір совет адамы өзінің жанқиярлық қажырлы еңбегі арқылы Ұлы Отанымыздың күш-қуатын онан сайын арттыра беру үшін, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін нығайта беру үшін қажырлы күреске жұмылуда. Сол сыяқты, өзінің туысқан Совет Үкметінің данышпандық саясатын мақұлдайтынның, оны нақтылы іспен қолдайтындығын білдіруде. Совет халқы өзінің болашағының бұдан да қызықты және салтанатты болатындығын жақсы біледі.

Лениннің—Сталиннің ұлы партиясының төңірегіне және Сталин жолдасының төңірегіне тығыз топтасқан Совет Одағының халықтары мызғымас сабырлықпен және болашаққа зор сенімділікпен өз мемлекетінің күш-қуатын барған сайын арттыра беру үшін патриоттық жігермен еңбек етуде.

Октябрь туы—жеңіс пен бақыт туы, бейбітшілік пен демократия туы. Октябрь туы—коммунизм туы. Осы тудың астында, Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен табыстан-табысқа жете береміз.

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы. Лениннің—Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Совет халқы, соғыс өртің тұтандырушылардың әрекеттерін қырағылықпен бақылай отырып, Со

ССР Одағы

ССР Одағы Со Бү

7 ноябрь 1952 жыл

Жолдастар, матростар мен солдаттар, старшиналар жанттар!

Жолдастар, офицерлер, адмиралдар мен генерал Бүгін Совет Одағының Соғыс-Теңіз Күштері бү халқымен бірге Ұлы Октябрь социалистік револю 35 жылдығын мерекелейді.

Еліміздің еңбекшілері Октябрьдің даңқты мерек уашылық пен мәдениет құрылысының барлық сә үздік табыстармен қарсы алып отыр. Партияның здің тарихи қарарларымен жігерленген, социализмне низмге өту жолдары туралы СТАЛИН жолдасының іл танған совет адамдары өзінің ұлы мақсатына —ел мунистік қоғам орнатуға сеніммен алға басуда.

Еліміздің халықтары өзінің барлық табыстары Коммунистік партияның, данышпан көсеміміз және СТАЛИН жолдасының арқасында жетті.

Американ-ағылшын соғыс өртің тұтандырушы жүзілік жаңа соғыс әзірлеп жатыр.

Совет мемлекетінің халықтар арасындағы бейбі ынтымақ жолындағы дәйекті және қажырлы күресі тін тұтандырушыларға қарама-қарсы тұр.

Партияның, Үкметтің және СТАЛИН жолдасы нұсқауларын орындай отырып, советтік әскери социалистік Отанының теңіздегі шекаралары мен м


СС

Ұлы Октябрь мерекесі

Беше, облыстық драма театрының үйінде, еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің қаланың партия, совет, комсомол және қоғам ұйымдарының өкілдерімен басқосқан. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесіне арналған салтанатты мәжілісі болды.

Қала еңбекшілерінің Ұлы Октябрьдің 35 жылдығын мерекелеуіне қатысқан депутаттарының тізіміндегі І. В. Сталиннің қолы

ЫМЫЗДЫҢ даңқы арта берсін!



Орындарының қозғаттары. Бұлар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы құрметіне орындағандар. (солдан оңға қарай) Паровоз депосының токарі, коммунист Н. Анохин, «Екпін бері, Ш. Садуақасова және шағын двигательдер зауыдының бұрғышысы, коммунист Н. Сергеев Суретті түсірген А. Розенштейн.

ИДА
дерін шы-
алистік ре-
сайын ең-
абыстармен
активі бұ-
иси және
стеуде. Әс-
құрметін-
тай ұштас-
өздерінің
қаркынмен
етіне тек
ардан тыс

Жеңісі Октябрдің берік қолда

Бүгінгі салтанатты мереке күн, Аталып жеңісімен Октябрдің — Қуаныш, шаттық сезім жатыр шалқын, Арқауы боп шырқалған ән мен жырдың. Бостандық, әділеттік жасындағы, Күреске жалынды ұран кім тастады? Ол — Ленин мен Сталин! Солар бастан Еңбекші тап қуатты капиталды. Атқызып Октябрдің алтын таңын, Халықтың орындады ізгі арманын. Адамзат баласына төгіп мейрім

Оқушылардың мерекеге тартулары

Үстіміздегі оқу жылы бүкіл совет халқы партияның XIX съезі құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрған кезде басталды. Біздің халқымыз өзінің дәстүрлі мерекелерін әрқашан да еңбекте жаңа табыстарға жетумен қарсы алып отырады. Бүкіл совет адамдары сыяқты, біздің мектебіміздің оқытушылары мен оқушылары да Октябрдің 35 жылдығын оқуда лайықты табыстармен қарсы алды.

Сертіне жеткендер

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың егін және мал шаруашылығы барған сайын өркендеп, алға басуда. Колхоз байлығының артуына байланысты колхозшы шаруалардың әл-ауқат және мәдени дәрежесі де үздіксіз жақсара түсуде. Партияның XIX съезінің қарарлары мен данышпан көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі колхозшылар, әсіресе, мал өсірушілер арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызып, оларды зор қуанышқа бөледі. Осындай қуаныш үстінде барлық колхозшылар съезді қарарларында көрсетілген міндеттерді аброймен жүзеге асырып, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Колхоздың озат мал өсірушілері мен егіншілері алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мересіне лайықты өндірістік тартуларын әкелді. Мысалға колхоздың мал өсірушілерінің табысын алайық. Олар XIX съездің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету нәтижесінде мал басын өсіріп, оның өнімділігін еселеп арттырды. Мұнымен бірге, мал өсіруші колхозшылар қоғамдық маңды қыстық жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етіп алды. Колхоздың мал шаруашылығының оған әрі өркендей беруін қамтамасыз ету үшін жекелеген колхозшылар мал қыстатуға әзірлік жұмыстарында табысты еңбек етті. Мұндай озаттардың қатарында К. Жағыпаров, Қ. Алшынбаев және Б. Шокапова жолдастар бар. Бұлар — мал қоралары жанына жемшөп тасуда, малға жайлы қоралар әзірлеуде сменалық тапсырмасын үнемі артығымен орындап, жүзде алғандар.

Совет Үкметінің АҚШ үкметіне нотасы

ССРО-ның Вашингтондағы Елшілігі 4 ноябрьде АҚШ мемлекеттік департаментіне мынадай нота жолдады: «Советтік Социалистік Республикалар Одағының Елшілігі Совет Үкметінің тапсыруы бойынша мынаны білдіреді: АҚШ баспасөзінің хабарларына қарағанда, осы жылғы 27 сентябрьде АҚШ соғыс-теңіз министрлігінің Корей түбегі айналасында теңіз қорғаныс аймағы дейтінді белгілегені, мұның өзі Корейның меншікті суларын және ашық теңіздің едәуір аймағын қамтытыны, бұл аймақ АҚШ-тың Қыйыр Шығыстағы соғыс-теңіз күштері командашысының қарамағында болатыны, бұл аймаққа кірген қандай да болса кеме, қай ұлттікі болуына қарамастан тіпті тілетіні жарияланған. Жалпы жұртқа мәлім, 1950 жылғы июльде АҚШ үкметінің Корея жағалауы блокадасын белгілеуіне байланысты, ССРО Үкметі өзінің 1950 жылғы 6 июльде АҚШ үкметіне жолдаған нотасында мұндай блокада белгілеу агрессиялық әрекет болып табылатынын, Құрама Штаттардың Кореядағы бүкіл қарулы интервенциясы сыяқты, бұл блокада сондай дәрежеде Біріккен Ұлттардың принциптеріне қайшы келетінін көрсетті. «Теңіз қорғаныс аймағын» белгілеу, шындығында АҚШ үкметінің 1950 жылы заңсыз енгізген, Корея жағалауының теңіз блокадасын кеңейткендік, демек, Қыйыр Шығыстағы жаңа агрессиялық әрекет болып табылады, мұның өзі Америка Құрама Штаттары үкметінің Кореядағы соғысты тоқтатуға ұмтылмайтыны былай тұрсын, қайта жаңа агрессиялық әрекеттер жолына түсіп отырғанын тағы да дәлелдейді. Мұндай аймақты белгілеу ашық теңіздегі сауда кемелері қатынасының бостандығын бұзғандық, сөйтіп, Совет Одағының және басқа мемлекеттердің праволарын бұзғандық болып табылады. Совет Үкметі АҚШ үкметінің Корея айналасында теңіз қорғаныс аймағы дейтінді белгілегеніне қарсы.

Қарағанды совхозының директоры.

Алға баса береміз

Миллиондаған совет адамдары сыяқты, Петропавл паровоз депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесіне елеулі табыстармен келді. Шандыбин, Слюнько, Белодушевский және басқа паровозшылар жылдық тапсырманы артығымен орындап, жоспардан тыс мыңдаған тонна жүк табыды.

Ұлы Октябрь мерекесі құрметіне алған міндеттемемді мен де аброймен орындап шықтым. Дено паровозшыларының мақсаты — қол жеткен табыстарымызды баянды ете отырып, локомотивтердің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыра түсу, халық шаруашылығына қажет жүктерді мерзімінде тасып жеткізу, отыңды көп үнемдеп, жұмыс сапасын жақсарту беру.

Сүйікті Отанымыз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен демократияның, социализмнің қуатты тірегі болып отырғанын біз мақтаныш етеміз. Отан мен туысқап партияға, көсеміміз Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілік халық шаруашылығының барлық учасоктерінде — колхоз бен совхозда, фабрика мен заводта, құрылыс алаңдары мен темір жол транспорттың бізді еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеген қарқынмен арттырып, еліміздің экономикалық қуатын күшейте беруге жігерлендіреді.

Біз ертеңгі күнімізге, коммунизмнің біздің елімізде салтанат құратындығына шексіз сенеміз. Өйткені, туысқандық достығы жарасқан көп ұлтты совет халықтарын еңбекші халықтардың көсемі, коммунизмнің локомотивін жүргізуші кеңескер Сталин жолдас бастап келеді. Сондықтан да біз тек қана алға баса береміз.

Е. НУРБАЕВ,

Петропавл паровоз депосының машинисі,

Болсамда алыс елден көмектестім Нұсқауын орындадым партияның. Әли МҰСАХАНОВ.

Қаладағы № 4 бастауыш мектептің меңгерушісі.

Аға контролер А. Ниқ Н. Пронин, аға ба ва жолдастар сыяқты даулы адамдары өздер лі қызметімен кино ғыс алды.

Партияның XIX съ карулана отырып, біз, шелері Октябрь мерек шналистік жарыста қо рын онап әрі баянды

«Ударник» кинотеат

Біздің қуаныші

Совет адамдары Ол дүние жүзінде бейбіт және социализмнің мы айналғаны үшін, халқ қуанышты тұрмысы я шағы үшін Ленин — С басылығымен өткізіл социалистік революция ғын ерекше зор қуаны

Біздің заводтың кол брь мерекесі құрметіне отырып, жылдық жос алде қайда бұрын оры 1952 жылдың өндіріст октябрьде 189 процент брь мерекесінің құрмет январь айының жосп міндеттеме алған едім. 5 ноябрь күні орында тыс февраль айының е бастадым.

Партияның XIX съ Сталин жолдасын тала мыс істеу үшін келесі : жоспарды орындауға, ө сарта беруге, сойтіп, дың экономикалық қуат ге өз үлесімді қосуды шым деп есептеймін.

Шойын құю зауыды

МАШИНИСТ

Владимир Слюнько өскен сайын өзгеріп, мінез-құлқы қалыптаса бастады. Ол Коммунистік партиясының мүшелігіне өтіп, революциялық қозғалысқа араласты. Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, өкмет билігін коммунистік партия жұмысшы табы мен кедей шаруаның қолына әперді. Азамат соғысы басталды. Жас Совет Республикасын ішкі, сыртқы жаулардан қорғауға ел еңбекшілері Ленин мен Сталиннің туы астына топтанысып, майданға аттанысты. Владимир Слюнько Солтүстік Қазақстан жерінде азамат соғысына белсене қатысып, кейіннен ақбайданың қолынан қаза тапты.

Антон әкесі Владимир Слюнькодан жастай жетім қадды. Бірақ, ол жетімдікке мойымады. Өмірге құштарлық, үнемі жақсы нәрсені аңсап, үмітінің жүзеге асатынына сенім, еңбек сүйгіштік — оның ерекше қасиеттері болды. Антон Слюнько кішкентайынан ағаш отырғызып, үй саудаға құмартты. Бесінші класс бітіріп, газет, журнал оқып, ел өмірімен таныса бастады. Бірінші бесжылдықты естігенде оның қуанышында шек болмады. Ол бүкіл кең байтақ елімізде тарихта бұрын болмаған, орасан зор құрылыс жұмысының басталатынына жақсы түсінді.

— Жаңа қалалар, жаңа заводтар мен фабрикалар көп салынады. Ауыл шаруашылығы коллективтендіріліп, күрделі машиналармен жабдықталған индустриялы елге айналамыз — деп түсіндірді оған село коммунистері.

Антон Слюнько сталиндік бірінші бесжылдыққа белсене қатысуға арман етті, оны күні-түні ойлады. Бір күні қалаға келіп, ағаш, темір, тас, бензин құйған бактар, машина, трактор тиетін ұзын составқа көзі түсті. Түтіні будақтап, бұн

бұрқыраған паровоз тұрды.

— Мынадай паровозбен ерсілі-қарсылы жүк тасысаң, бесжылдыққа қатысып жүрмін деп айтуыңа татыр еді, — деп ойлады ол ішінен.

— Қалай паровозшы болуға болады? — деп сұрады ол таныстарынан.

— Ол оңай. Арыз бересің де паровозшылар даярлайтын мектепке түсесің.

— Алса?

— Сені алмағанда кімді алады?

Әкең осы іс үшін қаза тапты, өзің жассың, дөңің сау. Паровозшы болғың келе ме, өзіңнің?

— Келгенде қандай! — деді Слюнько қуаныштан жүрегі дүрсілдеп.

Слюнько іздегені алдынан табылғандай қуанып, арыз беріп, теміржолшылардың мектебіне түсті. Мектепті бітіріп, көчегар, көмекші, сонан кейін паровозшы болды.

Ұлы Отан соғысы жүріп жатты. Қыс. Ат құлағы көрінбейтін боран бірнеше күн болды. Теміржолшылар дамылсыз жұмыс істеді. Майданның қажетіне тиелген жүктерді алып, эшелондар өтіп жатты. Слюнько да жаңа ғана сапардан келген еді. Оны депо бастығына шақыртты. Тез жуынып, тамақтанып, киінді де депо бастығына келді.

— Сенің сапардан мұнан біржарым сағат бұрын келгенінді біліп отырмын. Бір жүк тиелген составты тиісті жеріне тез жеткізу керек...

— Жақсы, мен жеткізейін.

— Кешіктірмеуге тырыс.

Слюнько түтеп соққан боранға қарсы жүрді. Отан тілегіне шексіз берілген машинашы майданға арналған жүкті мерзімінен әлде қайда бұрын жеткізді.

Антон Владимировичтің өндірістік өмі-

рінен мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады.

Ол Омбы темір жол бойындағы бесжүзі-ші-машинашылар жарысының көрнекті инициаторы. Ол паровоздың орта тәуліктік жүріс жылдамдығын бесжүз километрден асырып, көптеген отын үнемдеді. 1950 жылы Совет Одағының Жол қатынас Министрлігі Одақ бойынша оған таңдаулы машинашы деген атақ берді. Халық шаруашылығына керекті жүкті тасудың мемлекеттік жоспарын үнемі орындап, паровозды пайдалану жұмысын жақсартуда қол жеткен табыстары үшін Слюнько Еңбек Қызыл Ту ордені және бірнеше медальдармен наградталды.

Слюнько басқарған паровоз бригадасы бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға белсене қатысуда. Бригада мүшелері Слюнько, Мозговой, Кочешков жолдастар айына 25 миллион тоннадан астам жүк тасып, жоспарды артығымен орындап жүр. Бұл бригада 1952 жылдың 9 айы ішінде 114,3 тонна көмір үнемдеген.

Слюнько — коммунист. Ол жақсы жұмыс істеумен бірге, жақсы семья да тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Анатолий Совет Армиясында қызмет істейді. Михаил депода механикалық цехтың фрезировщикі. Қызы Тамара бесінші, ұлы Валерик үшінші класта оқыйды. Олардың жақсы оқуына барлық жағдай жасалған. Төбесін қызы қаңылтырмен шатырлаған төрт бөлмелі ағаш үй жұмысшы поселкасындағы Войков көшесінен ападайdan көзге түседі.

Әкесі Антон Слюнько сыяқты, кішкентай Слюньколар да өздерінің бақытты балалық шақтары үшін ұлы Сталинге, партияға, Отанымызға шексіз сүйіспеншілік білдіре сөйлейді.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторд партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілімесе —